

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
2003 ж. 22. 07  
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚАЙТА ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ  
№ 1967-1930 КҮӘЛІК АБ  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 1996 ж. 11. 10

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
2003 ж. 12. 08  
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
ЕНГІЗІЛДІ  
БҰЙРЫҚ № 3-8/3/05

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
2006 ж. 24. 03  
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
ЕНГІЗІЛДІ  
БҰЙРЫҚ № 3-8/4/06

Жалғыз акционердің шешімімен бекітілді  
(2006 ж. "06" наурызда № 2/06 шешімі)

Утвержден решением единственного акционера  
(Решение № 2/06 от "06" марта 2006 г.)



# “САРЫ-АРҚА” ӘУЕЖАЙЫ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
2006 ж. " " "  
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚАЙТА ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ  
БСН 961040001306  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ " " ж.

## УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «АЭРОПОРТ «САРЫ-АРҚА»

ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАРСЫЗ  
ЖАРАМСЫЗ

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮҚІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ БҰҚАР ЖЫРАУ  
АУДАНЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
2006 ж. 10. 06  
БСН 961040001306 № 270-1930-13-РАС-АД  
Бастапқы тіркелген күні 1996 ж. 11. 10

Алматы қаласы, 2006 жыл  
город Алматы 2006 год

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. “Сары-Арқа” әуежайы” акционерлік қоғамының (бұдан әрі – “Қоғам”) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзырын, оның қызметін қайта құру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді анықтайды.

1.2. Қоғамның атауы:

- мемлекеттік тілдегі толық атауы – “Сары-Арқа” әуежайы” акционерлік қоғамы, қысқаша атауы – “Сары-Арқа” әуежайы” АҚ;
- орыс тіліндегі толық атауы – Акционерное общество “Аэропорт “Сары-Арқа”, қысқаша – АО “Аэропорт “Сары-Арқа”;
- ағылшын тіліндегі толық атауы – joint stock company «Airport «Sary-Arka», қысқаша – JSC «Airport «Sary-Arka»;

1.3. Қоғамның (Қоғамның атқарушы органының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 100000, Қарағанды облысы, Бұқар-Жырау ауданы, Әуежай.

1.4. Қоғамның қызмет мерзімі – шектелмеген.

## 2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАНДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өзіндік балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленеді және жүзеге асырады, міндеттемелер артады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғам туралы” Заңын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі – “Заңнама” деп аталады), сондай-ақ осы Жарғыны (бұдан әрі – “Жарғы”) және Корпоративтік Басқару Кодексін (бұдан әрі – “Кодекс”) басшылыққа алады.

2.3. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелу сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесін иеленеді.

Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі дербес шаруашылық негізінде жүзеге асады.

2.4. Қоғамның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық атауы көрсетілген мөрі, бланкілері, үгілері Қоғамның Басқармасымен бекітілетін және белгіленген тәртіпте тіркелетін өзінің тауарлық белгісі және рәміздері, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мөртабаны, сондай-ақ оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелері бар.

## 3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

3.1. Қоғам мақсаты – дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында таза табыс алу.

3.2. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) әуе ұшақтары мен жолаушыларға әуе және жер үстінде қызмет көрсету, оның ішінде:

- әуе ұшақтарының ұшуы мен қонуын қамтамасыз ету;
- авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- жолаушыларға қызмет көрсету;
- әуе ұшақтарын күтіп алу мен шығаруды қамтамасыз ету;
- жүкті өңдеу;
- әуе ұшақтарын әуеЖЖМ қамтамасыз ету;
- әуе ұшақтарына транзиттік нысан бойынша техникалық қызмет көрсету;
- әуе ұшақтарына жер үстінде сервистік қызмет көрсету (арнайы автокөлік және мамандар қызметін көрсету, жер үсті қамтамасыз ету құралдарын, материалдарын беру, тұрақтар беру);
- әуе ұшақтарын орналастыруды қамтамасыз ету;
- жолаушылар мен экипаждың бортта тамақтануын ұйымдастыру;

- қоғамдық тамақтану орындарын ұйымдастыру;
  - VIP, СІР залдарында жолаушыларға қызмет көрсету;
  - әуе тасымалдағышты сату;
  - қонақ үйде жолаушыларға қызмет көрсету;
  - әуе вокзал кешенінде жолаушыларға қызмет көрсету (қаптау және сақтау, смарт-карталар сату, шаштараз қызметі және т.б.);
  - ұшуды іздестіру және авариялық-құтқару;
  - ұшудың қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету;
  - өндірістік-диспетчерлік қызмет көрсету;
  - санитарлық және қоршаған ортаны қорғау нормаларын сақтауды қамтамасыз ету бойынша қызмет;
- 2) әуе ұшақтарын техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде:
- әуе ұшақтарына кезеңді техникалық қызмет көрсету;
  - әуе ұшақтарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізу үшін алаңдар мен жабдықтарды беру;
  - әуе ұшақтарын ағымды жөндеу бойынша қызмет көрсету;
  - әуе ұшақтарының агрегаттары мен қосалқы бөлшектерінің қайтару-айырбастау қорын беру бойынша қызмет көрсету;
  - әуе ұшақтарына кезеңді техникалық қызмет көрсетуді жүргізу кезінде агрегаттар мен қосалқы бөлшектерді өткізу бойынша қызмет көрсету;
  - әуе ұшақтарының техникалық жағдайын бағалау бойынша қызмет көрсету;
  - авиациялық және радиоэлектр жабдықтарының зертхана қызметі;
  - борттық керек-жарақтарды жуу және тігу бойынша қызмет көрсету;
  - әуе ұшақтарына техникалық қызмет көрсету бойынша басқа қызметтер;
- 3) әуе ұшақтары мен жолаушыларға қызмет көрсету бойынша және сауда жүргізу (франчайзинг шарты бойынша) бойынша әуежайда коммерциялық қызмет жүргізуге құқық беру, оның ішінде:
- ЖЖМ зертхана қызметі;
  - Автомашиналар үшін тұрақтар орнын беру;
  - Жарнама орналастыру үшін орын беру;
  - Уақытша сақтау қоймаларында жүктерді, пошталарды сақтау бойынша қызмет көрсету;
  - Заңды тұлғаларға медициналық қызмет көрсету, оның ішінде дәрігерлік сараптама комиссиясының қызметі;
  - Жұмысшылар мен халыққа медициналық қызмет көрсету;
  - Құрылыс жұмыстарын орындау;
  - ЖЖМ сатып алу, сақтау және сату;
  - әуежай аумағында рұқсатнама тәртібін қамтамасыз ету;
  - үшінші тұлғаларға көрсетілетін күзет қызметімен байланысты емес жеке меншікті қорғау бойынша күзет қызметі;
- 4) өз қызметін әуежай аумағында жүзеге асыратын және онымен шекаралас басқа да заңды тұлғаларға қызмет көрсету, оның ішінде:
- бөлмелерді, көліктік құралдар мен жабдықтарды жалға беру;
  - жалдамалы бөлмелерді тазалықта ұстау;
  - қайта сату мақсатында электр энергиясын сатып алу, электр энергиясын беру және тарату;
  - жылу энергиясымен қамтамасыз ету;
  - сумен қамтамасыз ету және су жіберу;
  - байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсету, монтаждау, жөндеу;
  - байланыс қызметі;
  - жұмысшыларды тасымалдау;
  - аэродром аумағы бойынша қозғалыс ережесін жүргізушілермен және техникалық құраммен қамтамасыз ету;

- әуе ұшақтарында жедел қызмет көрсету бойынша техникалық құрамды тағылымдамадан өткізу;
  - қоқыстарды шығару;
  - санитарлық-карантиндік бөлімнің қызмет көрсетуі;
  - объектілерге өртке қарсы қызметпен қамтамасыз ету;
  - санитарлық-техникалық қызмет көрсету;
  - энергия желілері мен жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет.
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызмет.
- 3.3. Белгіленген заңнамалық тәртіпте алуға қажетті лицензияның немесе рұқсаттың өзге де түрлерінің болуын талап ететін қызмет түрі тиісті лицензияны немесе рұқсаттың өзге түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

#### 4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 4.1. Қоғам Заңнамамен көзделген барлық құқықтарға ие және барлық міндеттерді артады. Жалпы қоғам Акционерлердің мүддесінде қызмет етеді.
- 4.2. Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауап береді.
- 4.3. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 4.4. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды, міндеттерді иеленуге, сотта талапкер немесе жауапкер болуға, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.
- 4.5. Қоғам күзет құжаттарын, технологияларды, “ноу-хау” және басқа да ақпаратты иелену мен пайдалану құқығын иеленуге және ұсынуға құқылы.
- 4.6. Қоғам бағалы қағаздарды шығаруға және Заңнамамен көзделген тәртіпте таратуға құқылы.
- 4.7. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелдерде тұрған жерінен тыс орналасқан өз филиалдары мен өкілдіктерін құруға құқылы. Кез келген филиал немесе өкілдік жеке заңды тұлға болып табылмайды, бірақ Қоғам атынан және оның тапсырмасы бойынша қызмет етеді. Қоғам оларды өз мүлкінің есебінен негізгі және айналымдағы қаражаттармен үлестіреді және Заңнамаға сәйкес олардың қызмет тәртібін анықтайды. Филиалдың немесе өкілдіктің кез келген мүлкі олардың жеке балансында және Қоғамның балансында есепке алынады.
- Филиалдың және өкілдіктің қызметіне басшылықты Қоғам Президентімен (Басқарма төрағасымен) тағайындалатын тұлға жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғаммен берілген сенімхат негізінде қызмет етеді.
- 4.8. Қоғам белгіленген тәртіпте өндірістік қызметті жоспарлаумен байланысты барлық мәселелерді, жұмысшылардың еңбек ақысы, бекітілген бюджет негізінде материалдық-техникалық жабдықтау, табыстарды бөлу, кадрларды іріктеу, орналастыру, дайындау және қайта дайындау мәселелерін жеке өзі шешеді.
- 4.9. Қоғам белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде ұлттық, сол сияқты шетел валютасында шоттар ашуға құқылы.
- 4.10. Қоғам Заңнамаға сәйкес қазақстандық, сол сияқты шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгеде және шетел валютасында қарыздар беруге және несиелерді пайдалануға құқылы. Қоғам міндеттемелердің, мүліктердің, активтердің (қазіргі уақытта немесе келешекте) және Қоғамның қажет етілмеген капиталының барлығын немесе бөлігін қарызға алуға және кепілге салуға құқылы.
- 4.11. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық құжаттамаларды әзірлейді және бекітеді.

- 4.12. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасымен бірге Қоғамның бірінші басшысының және оның орынбасарларының шетелдік іс-сапарлары бойынша жазбаша түрде келіседі.
- 4.13. Заңнамаға және акцияның кез келген түрін ұстаушы иеленетін кез келген құқықтарға сәйкес Қоғам өз акцияларын сатып алуға құқылы.
- 4.14. Қоғамның Заңнамамен, осы Жарғымен және Кодекспен көзделген басқа да құқықтары мен басқа да міндеттері болуы мүмкін.

## **5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 5.1. Қоғам акционерлері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғам қызметімен байланысты шығындар қаупін, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайлардан басқа, өз иелігіндегі акциялар құнының шегінде артады;
- 5.2. Қоғам акционерлерінің артықшылық берілген акцияларымен куәландырылған құқықтар көлемін қоса алғандағы құқықтары мен міндеттері Заңнамамен және осы Жарғымен анықталады.
- 5.3. Осы Жарғыға сәйкес Қоғам өзінің бір түрдегі акцияларын ұстаушылардың барлығын осындай акция құқығында тең деп санайды.

## **6. ҚОҒАМ МҮЛКІ**

- 6.1. Қоғам мүлкі қалыптасады:
  - 1) Қоғам акцияларын төлеуге акционерлермен Қоғамға берілген мүліктер есебінен;
  - 2) Оның қызметі нәтижесінде алынған табыстар есебінен;
  - 3) Заңнамамен тыйым салынбаған негіздер бойынша алынған өзге де мүліктер есебінен.

## **7. АКЦИЯЛАР, ОБЛИГАЦИЯЛАР. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

- 7.1. Қоғам жай және артықшылық берілген акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады, сонымен бірге кез келген акцияларға сертификаттар берілмейді.
- 7.2. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер (аралық дивиденттерге қатысты акционерлердің жалпы жиналысының және /немесе директорлар Кеңесінің тиісті шешімінің негізінде), сондай қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
- 7.3. Қоғамның артықшылық берілген акциясы өз иесіне мыналарға құқық береді:
  - 1) акционерлер, жай акция ұстаушылары, алдында осы Жарғымен анықталған мөлшерде дивиденттер алуға басым құқығына;
  - 2) Заңнамамен белгіленген тәртіпте Қоғамды тарату кезінде мүліктің бөлігіне.
- 7.4. Артықшылық берілген акция, келесі жағдайлардан басқа кездерде, акционерге Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру құқығын бермейді:
  - 1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі бойынша артықшылық берілген акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса. Шектеу қою үшін артықшылық берілген акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;
  - 2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта құру не тарату туралы мәселені қараса;
  - 3) артықшылық берілген акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе.
- 7.5. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығын иеленуші және акционерлердің жалпы жиналысына өзі немесе өз өкілі арқылы қатысушы артықшылық

берілген акциялардың әр ұстаушысы өзіне тиесілі әр артықшылық берілген акциялар бойынша бір дауысқа ие.

7.6. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

Қоғам қосымша қаражат тарту үшін Заңнамаға сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, айналымға салу, олар бойынша сыйақылар беру, облигациялар төлеу және облигацияларды сатудан түскен қаражаттарды пайдалану шарттары мен тәртібі Заңнамамен анықталады және тиісті облигациялар шығару талаптарына негізделеді.

7.7. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жасауды, жүргізуді және сақтауды қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады, ол қоғамның және оның аффилирленген тұлғаларының аффилирленген тұлғасы болмауға тиіс.

7.8. Қоғамның акциясын және басқа да бағалы қағаздарын кепілге салу мәселелері Заңнама және тиісті кепілге салу шартымен реттеледі.

## **8. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНТТЕР**

8.1. Қоғамның таза табысы (бюджетке салықтар және басқа да міндетті төлемдер төлегеннен кейін), оның ішінде дивиденттер төлемі акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталған тәртіпте бөлінеді.

Қоғамның акциялары бойынша дивиденттер төлеу жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

Заңнамаға сәйкес Қоғам тоқсан және/немесе жарты жылдық (Директорлар Кеңесінің анықтауына байланысты) қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша төлем, егер олардың төлемі Директорлар Кеңесінің пікірінше Қоғамның қаржылық жағдайымен ақталса, төлеуге құқылы.

8.2. Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беруші акцияларының жай көпшілік дауысымен дивиденттерді төлеу туралы кез келген шешім қабылданса, онда жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер Қоғам ақшаларымен немесе бағалы қағаздарымен төленеді.

Қоғамның жаңа жай акцияларын шығару жолымен Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеуге осындай төлем тиісті акционерлердің жазбаша келісімімен Қоғаммен жүзеге асырылса, акцияларды шығару Заңнамаға сәйкес келсе ғана жол беріледі. Егер дивиденттерді төлеу Қоғамның жаңа жай акцияларымен жүзеге асырылса, мұндай жаңа акцияларды шығару шарты тиісті акционерлерді хабарландырғаннан кейін Директорлар кеңесімен анықталады.

Дивиденттерді алу құқығына ие акционерлердің тізімі дивиденттерді төлеу басталған күннің алдындағы күнінде құрастырылуы тиіс.

8.3. Қоғам акциялары бойынша дивиденттер төлеу төлем агенті арқылы жүргізіледі. Төлем агентінің қызметін төлеу Қоғам есебінен жүргізіледі.

8.4. Орналастырылмаған және Қоғамның өзі сатып алған акциялары бойынша, сондай-ақ Заңнамамен көзделген басқа да жағдайларда дивиденттер бөлінбейді және төленбейді.

8.5. Қоғамның жай және артықшылық берілген акциялары бойынша дивиденттер мына жағдайларда бөлінбейді:

- 1) Қоғамның өз капиталының жағымсыз мөлшері кезінде немесе оның акциялары бойынша дивиденттер бөлу нәтижесінде Қоғамның өз капиталының мөлшері жағымсыз болған жағдайда;
- 2) Заңнамаға сәйкес Қоғам төлем қабілетсіздік немесе тұрақсыздық белгілеріне жауап берсе не болмаса оның акциялары бойынша дивиденттер бөлу нәтижесінде Қоғамдар аталған белгілер пайда болса.

8.6. Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды. Заңнамаға сәйкес Қоғамның жай акцияларына аралық дивиденттер төлеу туралы шешімді, Қоғамның қаржылық жағдайын ескере отырып, Директорлар кеңесі қабылдайды.

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешімді қабылдауға құқылы, шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде осы Жарғымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында осы жағдай хабарлануға міндетті.

8.7. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы шешім Жарғымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім келесі мәліметтерді құрауы керек:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) Дивидент төленетін кезең;
- 3) Бір жай акцияға төленетін дивидент мөлшері;
- 4) Дивиденттердің төлемі басталатын күн;
- 5) Дивиденттерді төлеу тәртібі мен нысаны.

8.8. Қоғамның артықшылық берілген акциялары бойынша дивиденттер төлеу жыл сайын жүргізіледі және осы Жарғының 8.5. тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа жағдайда Қоғам органының шешімін талап етпейді.

Артықшылық берілген акциялар бойынша бөлінетін дивиденттердің мөлшері артықшылық берілген акциялардың номиналдық құнының кем дегенде 10% (он процент) құрайды және осы кезеңдегі жай акциялар бойынша бөлінетін дивиденттер мөлшерінен кем болмауы тиіс.

Қоғамның артықшылық берілген акциялары бойынша дивиденттер төлемі толық жүргізілмесе оның жай акциялары бойынша төлем жүргізілмейді.

Егер Директорлар Кеңесі адал қызмет атқарса, онда ол жай акциялар бойынша аралық дивиденттерді заңды төлеуге байланысты артатын қандай да бір шығындар үшін артықшылық берілген акциялардың иелері алдында жауап бермейді.

8.9. Артықшылық берілген акциялар бойынша дивиденттер төлемінің мерзімі жақындағанға дейін бес жұмыс күні ішінде Қоғам Жарғының 8.7. тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшаларында тізілген мәліметтерді көрсете отырып дивиденттердің төлемі туралы, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылық берілген акциясына есептегендегі дивиденттердің мөлшері туралы нақты ақпаратты жарғымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

## 9. ҚОҒАМ ОРҒАНДАРЫ

9.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган- акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы- Директорлар Кеңесі;
- 3) атқару органы-Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылайтын орган- Ішкі аудит қызметі

## 10. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

10.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

10.2. Қоғам акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

10.3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидент мөлшері белгіленеді. Акционерлердің жылдық жалпы

жиналысы, шешім қабылдау қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған, басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

10.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуіне тиіс.

Аталған мерзім Қоғамның аудитін бес ай ішінде аяқтауға мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін созылады.

10.5. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

10.6. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) Қоғамның 10 және одан көп пайызын иеленуші кез келген акционердің бастамасымен шақырылады.

Еркіті тарату барысындағы Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы құрады, дайындайды және жүргізеді.

Заңнамада акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау және өткізуді:

1) Басқарма;

2) Бекітілген шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісі;

3) Директорлар кеңесі;

4) Қоғамның тарату комиссиясы (егер қолдануға болса) жүзеге асырады.

10.8. Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды қоғам көтереді.

10.9. Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың осы Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

10.10. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап қоғамның атқарушы органының орналасқан жеріне тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

10.11. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдауға және осы талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама жіберуге міндетті. Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылған жағдайда директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

10.12. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін қоғам акцияларын ұстаушылардың тізіліміндегі деректер негізінде қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

Акционерлердің тізіміне енгізілуіне тиісті мәліметтерді уәкілетті орган белгілейді.

10.13. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген тұлға тізім жасалғаннан кейін қоғамның оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуіне тиіс.

10.14. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

10.15. Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей (халықтық акционерлік қоғамда - күнтізбелік

қырық бес күннен кешіктірілмей), ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.

10.16. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны «Қазақстанская газета» және (немесе) «Егеменді Қазақстан» газеттерінде басылады және оларға жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлерге жеткізіледі, Қоғамның қызметі туралы ақпарат «Қазақстанская газета» және (немесе) «Егеменді Қазақстан» газеттерінде жарияланады.

Жарғының 10.15. тармағында белгіленген мерзімдерді есептеу 10.16. тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарындағы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруды жариялаған күннен бастап жүргізіледі.

10.17. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) қоғам акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, қоғам акционерлерінің өткізілуге тиісті болған жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;

10.18. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.

10.19. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізілуге тиіс.

10.20. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

10.21. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны қоғам акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

10.22. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

10.23. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

10.24. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

10.25. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

10.26. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселесінде осы мәселелер бойынша дәлелді шешім қабылдау үшін қажет көлемдегі ақпарат болу керек.

10.27. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс.

1) Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат:

- 1) аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат болуға тиіс.

10.28. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар:

- 1) қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;

4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар қамтылуға тиіс.

10.29. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар танысу үшін акционерлерге жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей берілуге тиіс.

10.30. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін акционерлер немесе акционерлердің тізіміне енгізілген олардың өкілдері, сондай-ақ қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленетін, осы Заңның 39-бабының 2-тармағында аталған адамдар тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.31. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталап өкізілетін жалпы жиналысы, егер:

1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.32. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

10.33. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның лауазымды адамдарының акционерлер өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Заңдарға сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

10.34. Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғадан акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

10.35. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі осы Заңға, қоғамның жарғысына және қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес не акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешіммен белгіленеді.

10.36. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын акционер акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы, бірақ, осы Жарғының 7.4 тармағында көзделген жағдайлардан өзге, дауыс құқығы жоқ.

Акционерлердің қатысуымен өткізілетін жалпы жиналыста шақырылған тұлғалар қатыса алады, бұл кезде олар төрағаның келісімімен акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеуге құқылы.

10.37. Акционерлердің жалпы жиналысы белгіленген уақытта кворум сақталған жағдайда ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

Жиналыстың басталуының белгіленген уақытынан кейін бес минут ішінде кворум болмаса (немесе әрі қарай, егер жиналыс төрағасы солай шешсе, бірақ бір сағаттан көп болмау керек), онда жиналыс төраға анықтаған уақытта және жерде басқа күнге ауыстырылады (бірақ кеміне бір күнге және 28 күннен аспауы керек), және мұндай ауыстырылған жиналысқа бір мүшенің немесе өкілі арқылы қатысуы кворумды құрады (ие болған акциясының санына байланысты).

10.38. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Егер қоғамның жарғысында өзгеше көзделмесе, акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төрағасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің

бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы атқарушы органға кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

10.39. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.

10.40. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.41. Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

10.42. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.

10.43. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

10. 44. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге тандап жіберуге құқығы жоқ.

10. 45. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс. Акционерлерінің саны бес жүз және одан да көп қоғам акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беретін болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабармен бірге жарғыда белгіленген баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

10.46. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысы отырысының өткізілетін күні не

акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс берілетін дауыстар есептелетін күн;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;

8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

10.47. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке адам – акционер осы адамның жеке блсын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Занды тұлға акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қойып, занды тұлғаның мөрімен куәландырылуға тиіс.

Жеке адам - акционердің не занды тұлға - акционер басшының қолы қойылмаған, сондай-ақ занды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

10.48. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуға тиіс.

10.49. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді бұрын жіберген акционер акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының қворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

10. 50. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;

2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіпте, бюллетендер бойынша, жасырын әдіспен жүргізіледі.

10.51. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде толтырылуға және қол қоюға тиісті.

10.52. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) қоғамның акционерлердің жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;
- 9) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 10) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

10.53. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшысы;
- 2) қоғамның есеп комиссиясының мүшелері;
- 3) қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп (халықтық акционерлік қоғамда - бес және одан да көп) процентін иеленетін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қоюға тиіс.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда, өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі хаттамаға қол қояды.

10.54. Осы Жарғының 10.53 тармағында аталған адамдардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол адам бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

10.55. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен

бірге тігіледі. Аталған құжаттар атқарушы органда сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

10.56. Барлық дауыс беруші акциялар бір акционерге тиесілі Қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы жүргізілмейді. Қоғам Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешімді акционер жеке өзі қабылдайды және осы шешімдер артықшылық берілген акциялармен куәландырылған құқықтарға қысым жасамаса немесе шектемесе, шешімдер жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

10.57. Егер осы баптың 10.56. тармағында көрсетілген Қоғамның барлық дауыс беруші акцияларын иеленуші жалғыз акционер немесе тұлға заңды тұлға болып табылса, онда Қоғам Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімді Заңнамаға және заңды тұлға Жарғысына сәйкес осындай шешімді қабылдау құқығын иеленуші орган, лауазымды тұлға немесе заңды тұлғаның қызметкері қабылдайды.

## 11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЫ

11.1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына мына мәселелер жатқызылады:

- 1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 3) қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту не орналастырылмаған жарияланған акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) Қазақстандық қор биржасында листингті тоқтату туралы шешім қабылдау;
- 5) Кодексті бекіту және оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 6) Санақ комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар Кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 8) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 10) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 11) Заңнамада және Жарғыда көзделген жағдайларда, Қоғамның жай және артықшылық акциялары бойынша дивидендтер төлемәу туралы шешім қабылдау;
- 12) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сумадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғамның шығарылған акционерлік капиталының жиырма бес және одан көп проценті мөлшерінде Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 14) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты баспасөз басылымында беру туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;
- 16) Заңнамаға сәйкес акцияларға опциондардың кез келген жоспарларын және Қоғамның лауазымды тұлғаларын, басшыларын және қызметкерлерін ынталандырудың ұзақ мерзімді жоспарын мақұлдау;
- 17) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 18) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, баспасөз басылымын анықтау;
- 19) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен акционерлердің жалпы жиналысы құзырына жатқызылған өзге де мәселелер.

11.2. Жарғының 11.1. тармағының 1)-6) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

11.3. Заңнамада өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және қоғам қызметкерлерінің құзырына беруге жол берілмейді.

11.4. Акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

## 12. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

12.1. Директорлар Кеңесі Заңнамамен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына жатқызылған мәселелердің шешімінен басқа Қоғам қызметінің жалпы басшылығына жауап береді. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі Қоғам мүддесінде қызмет етуге міндетті.

12.2. Директорлар Кеңесінің айрықша құзырына келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау және Қоғамның әдеттегі қызметінен тыс қандай да бір мәнді қызметіне қатысу;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялар санының, оларды орналастыру (сату) әдісінің шегінде орналастыру (сату) туралы, орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін және оның қызметінің нәтижесін алдын ала бекіту;

6) есептік қаржылық жылы үшін төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға төленетін дивидендті төлеу туралы және оның мөлшері туралы шешімдер қабылдау;

7) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын анықтау;

8) Қоғамның жай акцияларының эмиссия проспектілерін бекіту;

9) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Төрағаны (Басқарма төрағасын) және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Директорлардың (Президентті (Басқарма төрағасын) қоса алғанда) лауазымдық жалақысы, еңбек ақы шарттары мен сыйақы мөлшерлеріне қатысты ұсыныстар беру;

11) Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысы, еңбек ақы шарттары мен сыйақы мөлшерлерін анықтау;

12) Қоғамдағы ішкі қаржылық есептілік процедурасының сақталуын орнату мен бақылау және Ішкі аудит қызметі жұмысының жылдық жоспарын бекіту;

13) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, Ішкі аудит қызметі жұмысшыларының қызметтік құрамын бекіту және олардың (Ішкі аудит қызметі басшысынан басқа) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

14) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбек ақы жүйесін, еңбекақы және сыйақы мөлшері мен төлеу шарттарын анықтау, Ішкі аудит қызметі жұмысшыларын тәртіптік жазаға тарту туралы шешім қабылдау;

15) бағалаушының және аудиторлық ұйымның қызметін төлеу мөлшерін белгіленген тәртіпте анықтау;

16) Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін анықтау;

17) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін тізімін Қоғамның Директорлар Кеңесі бекітетін құжаттарды бекіту;

18) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу туралы шешім қабылдау және олардың ережелерін бекіту;

19) Заңнамамен және Жарғымен өзгеше көзделмесе Қоғамның басқа ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысу туралы, сондай-ақ олардағы үлестер мен акцияларды иесіздендіру туралы шешім қабылдау;

20) Бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін белгіленген тәртіпте сайлау;

- 21) қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
  - 22) Қоғам капиталының 10 және одан көп проценті мөлшерінде Қоғам мүддесіндегі ірі мәмілелер мен мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
  - 23) Қоғамның өз капиталы мөлшерінің он және одан көп процентін құрайтын сомаға Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдау;
  - 24) Қоғамның және 50 % ("Топ") астам үлесін Қоғам иеленетін барлық еншілес кәсіпорындарының бірлескен даму стратегиялық жоспарын және Топ жұмысының жылдық жоспарын бекіту; Қоғамның жылдық бюджеті мен демеушілік көмек ретінде бөлінетін орталық аппараттар және құралдар бойынша шығындарды (әлеуметтік шығындар) анықтаумен Қоғамның жұмыс бағдарламасын бекіту;
  - 25) Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) бекіту;
  - 26) қоғамның есептік саясатын бекіту;
  - 27) Бір жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша жай акцияларға Қоғаммен төленетін дивиденттер мөлшері жөнінде ұсыныстар дайындау және ұсыну;
  - 28) Листинг Ережелерін сақтауды бақылау (өзгелерге үшін Листинг Ережесіне сәйкес жалпы жиналыста акционерлердің мақұлдауы қажет болмаса);
  - 29) Кодекске қатысты ұсыныстарды алдын ала қарастыру, мазмұнын анықтау және оны беру;
  - 30) есептілік және қаржылық бақылау бойынша басшылардың айлық, тоқсандық және басқа да аралық есептілігі мен есептілік пакетін бекіту;
  - 31) акцияларға опциондардың жаңа жоспарларының және ынталандырудың ұзақ мерзімді жоспарларының шарттары бойынша ұсыныстар;
  - 32) акцияларға опциондардың жоспарларына және ынталандырудың ұзақ мерзімді жоспарларына енгізілетін өзгертулерді анықтау және акцияларға опциондарды шығару мен осындай жоспарлар бойынша сыйақы беру;
  - 33) Директорлар кеңесі жұмысының нәтижелерін талдау, сондай-ақ директорлар Кеңесінің тиімді жұмысы үшін оқу бойынша барлық талаптарды анықтау және оларды жүзеге асыру;
  - 34) акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына қосылмаған немесе Басқарманың айрықша құзырына жатқызылмаған қор биржасына, қолданыстағы басқа да заңдарға және Жарғыға сәйкес Заңнамамен, листинг ережелерімен көзделген Қоғамға тиімді басшылық ету үшін қажетті кез келген және барлық мақұлдауларды қоса алғандағы өзге де мәселелер.
- 12.3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғам Басқармасының шешуіне беруге болмайды. Директорлар Кеңесі, өзі анықтайтын белгіленген мерзімге (Заңнамаға сәйкес), белгіленген жағдайлар мен шектеулерде, Директорға өзінің кез келген өкілеттіктері мен құқықтарын немесе оның өз өкілеттіктері мен құқықтарына қоса не болмаса оларды жалғастыруына беруге құқылы.
- 12.4. Директорлар Кеңесі Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келмейтін шешім қабылдауға құқығы жоқ.
- 12.5. Жеке тұлға ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.
- Директорлар кеңесінің мүшелері:
- 1) акционер - жеке тұлғалар;
  - 2) Директорлар Кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалар;
  - 3) басқа тұлғалар (Жарғының 12.8. тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды Директорлар Кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар Директорлар Кеңесіне сайланған болып

табылады. Егер Директорлар Кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

12.6. Қоғамның акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде Директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлға Директорлар Кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны Директорлар Кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек.

12.7. Басқарма басшысынан басқа мүшелері Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма басшысы Директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

12.8. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде 3 (үш) адам болуға тиіс. Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелері санының кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

12.9. Директорлар Кеңесінің мүшесі бола алмайды:

- 1) жоғары немесе арнайы орта білімі жоқ тұлғалар;
- 2) Өтелмеген соттылығы немесе Заңнамамен белгіленген тәртіпте соттылығы алынбаған тұлғалар;
- 3) Банкроттық, консервация, санация, мәжбүрлі тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жыл ішінде басшылық ету кезінде банкрот, болып танылған немесе консервация, санация болған, мәжбүрлі түрде таратылған заңды тұлғада басшы болып табылған тұлғалар.

12.10. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалардың, егер Заңнамада және Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

12.11. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімі Кодекске сәйкес акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

12.12. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға және кез келген Директорды лауазымынан босатуға құқылы.

12.13. Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар Кеңесінің жазбаша хабарландыруы негізінде оның бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

Директорлар Кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар Кеңесінің аталған хабарландыруын алған сәттен бастап тоқтатылады.

12.14. Директорлар Кеңесінің мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылса, Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асады, сонымен бірге Директорлар Кеңесінің жаңа сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бірдей аяқталады.

12.15. Директорлар Кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

12.16. Заңнамамен, Жарғымен және Кодекспен белгіленген тәртіпте Директорлар Кеңесінің Төрағасы:

- 1) Директорлар Кеңесі жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар Кеңесі отырысын жүргізеді;
- 3) Директорлар Кеңесі отырысын шақырады және онда төрағалық етеді;
- 4) Қоғам атынан Қоғам Президентімен (акционерлердің жалпы жиналысының) шешіміне сәйкес оның лауазымдық жалақысын белгілеумен жеке еңбек шартын жасайды. Сонымен қатар, аталған жеке еңбек шарты Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі, өндірістік бағдарламасы, Қоғам бюджеті жоспарларын орындау нәтижесінен Президентті (Басқарма Төрағасын) материалдық ынталандырудың және жауапкершіліктің тікелей тәуелділігін көздеуі қажет.
- 5) Қоғам атынан жыл сайынғы аудитті жүргізуге аудиторлық ұйымдармен шарттар жасайды;
- 6) Қоғамның Ішкі аудит қызметі басшысын лауазымға тағайындауға және босатуға алдын ала келісім береді.

12.17. Директорлар Кеңесінің төрағасы жоқ болмаған жағдайда оның міндеттерін Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

12.18. Директорлар Кеңесінің отырысы Директорлар Кеңесінің төрағасының немесе Қоғам Басқармасы Төрағасының бастамасы бойынша, немесе:

- 1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

12.19. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің төрағасына Директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар Кеңесінің отырысын Директорлар Кеңесінің төрағасы немесе Қоғам Басқармасы, егер Қоғам Жарғысында өзге мерзім белгіленбесе, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

12.20. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама, егер Қоғам жарғысында өзге мерзімдер белгіленбесе, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарымен қоса, отырыс өткізілетін күнге дейін үш күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне және "алтын акция" иесіне жіберілуге тиіс.

Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.

12.21. Директорлар Кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Қоғам Басқармасына алдын ала хабарлауға міндетті.

12.22. Директорлар Кеңесінің немесе Директорлар Кеңесінің қандай да бір комитетінің барлық немесе кез келген мүшелері, телефон бойынша конференц-байланысы арқылы немесе барлық отырысқа қатысушыларға бір-бірін есту және сөйлесу мүмкіндігін беретін байланыс құралы арқылы, Директорлар Кеңесінің немесе осындай комитеттің отырысына қатыса алады. Осындай түрде қатысушы тұлға отырысқа жеке қатысушы болып саналады және осы Жарғыға сәйкес дауыс беру және кворумда есептелу құқығына ие.

12.23. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Жарғысында белгіленеді, бірақ ол Директорлар Кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.

Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар Кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

12.24. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңнамада өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру құқығын Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшесінің өзге тұлғаға, сондай-ақ Қоғамның Директорлар Кеңесінің басқа мүшесіне беруіне болмайды. Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар Кеңесі төрағасының немесе Директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлға дауысының шешуші дауыс болуы Қоғам Жарғысында көзделуі мүмкін.

12.25. Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

12.26. Директорлар Кеңесінің отырысында қарастырылуға шығарылған мәселелер бойынша шешімді, Қоғамның Директорлар Кеңесі төрағасының қарауына қарай, сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға болады. Сонымен бірге отырыстағы күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру үшін бюллетендер қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы шешім, өз уақытында алынған бюллетендерде кворум болған жағдайда, қабылданды деп танылады.

Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған Директорлар Кеңесінің хатшысы мен төрағасы қол қояды. Шешім ресімделу күнінен бастап 20

(жиырма) күн ішінде, негізінде аталған шешім шығарылған бюллетеньдер көшірмелерінің қосымшасымен бірге Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Қоғам қызметінің басты бағыттары туралы шешім қабылдау кезінде, Директорлар Кеңесінің жаңа Төрағасын сайлау кезінде, сондай-ақ директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының жүргізілуіне жол берілмейді:

12.27. Директорлар Кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен тұлға мен

Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

12.28. Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

Тұрақты негізге Директорлар Кеңесімен тағайындалатын Директорлар Кеңесінің хатшысы Директорлар Кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып, Қоғамның мөрі басылып куәландырылған Директорлар Кеңесі отырысының хаттамасын танысу үшін беруге міндетті.

### 13. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

13.1. Ағымдағы қызметке басшылықты Қоғам Басқармасы жүзеге асырады. Басқарманы Президент (Басқарма Төрағасы) басқарады.

Басқарма жұмысын ұйымдастыру, оның отырысын шақыру және жүргізу тәртібі Директорлар Кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады. Басқарманың барлық немесе кез келген мүшелері, телефон бойынша конференц-байланысы арқылы немесе барлық отырысқа қатысушыларға бір бірін есту және сөйлесу мүмкіндігін беретін байланыс құралы арқылы отырысқа қатыса алады. Осындай түрде қатысушы тұлға отырысқа жеке қатысушы болып саналады және дауыс беруге және қворумда есептелуге құқылы.

Қоғам Басқармасы, Заңнамамен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзырына жатқызылмаған, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

- 1) Қоғамның өз капиталы мөлшерінің бестен онға дейінгі процентін құрайтын сомаға Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 2) Филиалдар мен өкілдіктерді ашу туралы Директорлар кеңесінің шешімі негізінде және Директорлар Кеңесімен бекітілген Қоғамның орталық аппарат қызметкерлерінің санын ескере отырып, қоғамның орталық аппарат құрылымы мен штаттық кестесін, Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін басқару аппараттарының құрылымы мен штаттық кестесін бекіту;
- 3) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы міндетті шешімдер (қаулылар) қабылдау және тапсырмалар беру;
- 4) Қоғамның акционерлік капиталаның ұлғаюына байланысты бағалы қағаздарды шығару проспектінің мақұлдау;
- 5) Қоғамның филиалдарының, өкілдіктерінің, еншілес кәсіпорындарының және тәуелді акционерлік қоғамдарының жұмыстарын үйлестіру және бағыттау;

- 6) Директорлар Кеңесі мүшелеріне Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде конфиденциалды сипаттағы ақпаратты, сұрау түскен күннен бастап кем дегенде он күн ішінде, өз уақытында ұсынуды қамтамасыз ету;
- 7) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 8) басшылықтың айлық, тоқсандық және басқа аралық есептерін және қаржылық бақылау мен есептілік бойынша есептерді дайындау;
- 9) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің айрықша құзырына жатқызылмаған Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 10) Топтың инвестициялық жоспарларын (орта мерзімді және ұзақ мерзімді капиталдық шығындарды қоса алғанда) дайындау мен бекіту және сыртқы қаржылық келісімдерді жасау;

11) Кез келген соттық және аралық соттық даулардың бастамасы және жүзеге асуы.

Қоғам Басқармасы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғам Қоғаммен белгіленген шектеулерді бұза отырып Қоғам Басқармасымен жасалған мәмілелердің жарамдылығын, егер мәміле жасау кезіне осындай шектеулер туралы білгенін немесе алдын ала білуге тиіс болғандығын дәлелдесе, даулауға құқылы.

13.2. Қоғам акционерлері және оның акционері болып табылмайтын қызметкерлері Қоғам Басқармасының мүшелері болуға құқылы.

Басқарма мүшесі тек Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма мүшесінің қызметі, құқықтары мен міндеттері Жарғымен, Кодекспен және Заңнамамен, сондай-ақ Қоғамның аталған тұлғамен жасаған жеке еңбек шартымен анықталады. Жеке еңбек шартына Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін белгілеумен Қоғам атынан Президент (Басқарма Төрағасы), Директорлар Кеңесінің төрағасы немесе жалпы жиналыстың немесе Директорлар Кеңесінің уәкілетті тұлғасы қол қояды. Қоғам Басқармасының қалған мүшелерімен жеке еңбек шартына Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін белгілеумен Президент (Басқарма Төрағасы) қол қояды. Сонымен қатар, аталған жеке еңбек шартында Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі, өндірістік бағдарламасы, Қоғам бюджеті жоспарларын орындау нәтижесінен Президентті (Басқарма Төрағасын) және Қоғам Басқармасының мүшелерін материалдық ынталандырудың және жауапкершіліктің тікелей тәуелділігін көздеуі қажет.

13.3. Басқарма кем дегенде 5 (бес) адамнан құралады.

13.4. Басқарма отырысы оған Басқарма мүшелерінің кем дегенде 2/3 (үштен екісі) қатысса жарамды деп саналады.

13.5. Басқарма шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Президент (Басқарма Төрағасы) дауыс берген шешім қабылданады.

13.6. Қоғам Президенті (Басқарма Төрағасы):

- 1) Басқарманы басқарады;
- 2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының, Директорлар Кеңесінің және Басқарманың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) үшінші тұлғаларға қатысты Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 4) үшінші тұлғалар алдында Қоғамды білдіру құқығына сенімхаттар береді;
- 5) Заңнамамен өзгеше көзделмесе, Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады, оларға қатысты көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазағатартады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақы және жалақыларға қызметтік үстемелер мөлшерлерін бекітеді, Қоғамның Басқарма және Қоғамның ішкі аудит қызметі құрамына кіретін қызметкерлерден басқа Қоғам қызметкерлерінің сыйақысы мөлшерлерін анықтайды;

- 6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Қоғам Басқармасы мүшелерінің біреуіне жүктейді;
- 7) міндеттерді, сондай-ақ Қоғам Басқармасы мүшелерінің арасында өкілеттіктер мен жауапкершілік саласын бөледі;
- 8) Қоғамның өз капиталы мөлшерінің бес процентке дейінгі сомасына қоғам атына мәмілелер жасайды;
- 9) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және оларды лауазымынан босатады;
- 10) Қоғамның жұмыс тәртібін белгілейді;
- 11) Қоғам жұмысының ағымды және келешектегі жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 12) акционерлердің жалпы жиналысы алдында Қоғам жұмысы үшін жауапкершілік артады;
- 13) әр тоқсанда Қоғамның Директорлар Кеңесіне Қоғамның жыл сайынға өндірістік бағдарламаларының және бюджетінің жүзеге асуы туралы есепті береді;
- 14) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;
- 15) өз құзыры шегінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;
- 16) Басқарма отырысын шақырады және қарастыруға қажетті материалдарды ұсынады;
- 17) акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің айрықша құзырына, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзырына жатқызылмаған Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты барлық қалған мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

#### 14. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

14.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшесі, Қоғам Басқармасының мүшелерін және Қоғам хатшысы):

- 1) өзіне жүктелген міндеттерді адал атқарады және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін айқын білдіретін тәсілдерді пайдаланады. Қоғам мүдделері мен оның лауазымды тұлғалары арасында дау туған жағдайда, соңғысы Басқарманы (немесе Директорлар Кеңесін) тез арада хабарландыруы тиіс.
- 2) Қоғамның мүлкін пайдалануға немесе Жарғыға және Қоғам акционерлері мен Директорлар Кеңесінің шешімдеріне қарсы, сондай-ақ жеке мақсатта пайдалануға және өзінің аффилирленген тұлғаларымен мәміле жасау кезінде асыра пайдалануға құқығы жоқ;
- 3) Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесінің біртұтастығын, оның ішінде тәуелсіз аудит жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Заңнама талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды.

14.2. Заңнамаға сәйкес және Директорлар Кеңесіне оның мүддесінің сипаты мен деңгейі туралы хабарландырған жағдайда лауазымынан тәуелсіз Директор:

- 1) Қоғаммен жасалған немесе Қоғам мүддесіндегі кез келген келісім шартта тарап немесе өзге түрде мүдделі бола алады;
- 2) Қандайда бір келісім шарт бойынша директор немесе басқа лауазымды тұлға, жұмысшы немесе тарап бола алады не болмаса Қоғам қолдайтын, Қоғам мүддесіндегі Қоғамның құқығы мен бағыттары бар қандай да бір заңды тұлғаларда мүдделі бола алады;
- 4) өз лауазымы күшінде Қоғам алдында осындай лауазымнан, жұмыстан, келісім шарттан, осындай заңды тұлғадағы мүддесінен алған сыйақылар немесе пайдалар үшін есеп береді, осындай мүдде немесе пайданың болуы негізінде осындай лауазымнан, жұмыстан, келісім шарттан қашпайды.

14.3. Егер Жарғымен өзгеше көзделмесе, Директор өзінің тікелей және жанама мүддесі (оның Қоғамның акцияларындағы немесе облигацияларындағы немесе бағалы қағздарындағы немесе Қоғам арқылы мүдделерінен басқа) немесе мәнді міндеті бар қандай да бір мәселеге қатысты Директорлар кеңесінің шешімі бойынша дауыс беруге немесе кворумда есептелуге қатыспайды,

егер ол осындай іс-әрекет жасаса оның дауысы есептелмейді. Директор төмендегі аталғандардың кез келгеніне қатысты кез келген шешім бойынша дауыс беруге және кворумда есептелуге құқылы:

- 1) Қоғамның және оның еншілес компанияларының бағалы қағаздары иесі ретінде қандай да бір акцияларына, облигацияларына, басқа да бағалы қағаздарына жазылуы немесе жазылуға келісімі, сатып алуы немесе сатып алуға келісімі, андеррайтинг немесе субандеррайтингтерде оның қатысуы мен қатысу ниеті, Қоғамның немесе оның қандай да бір еншілес компаниясының осындай акцияларына, облигацияларына немесе қандай да бір бағалы қағаздарына жазылу, сатып алу немесе айырбастау туралы ұсыныстар;
- 2) Қоғам жұмыскерлері сияқты пайда алатын және қандай да бір Директорға немесе Басқарма мүшесіне осындай пайда немесе артықшылық бермейтін, жұмыскерлерге берілмейтін Қоғамның немесе оның қандай да бір еншілес компаниясының қызметкерлерінің пайдасындағы уағдаластық;
- 3) Қандай да бір Директордың немесе Басқарма мүшесінің пайдасына сақтандыруға Қоғамның иеленетін немесе жасайтын кез келген келісім шарт;

14.4. Директорлар, Президенттер (Басқарма Төрағасы) және Қоғам Басқармасының мүшелері өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) Қоғамға келтірілген зиян үшін Қоғам алдында Заңнамаға сәйкес жауапты болады.

14.5. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде лауазымды тұлғаның Қоғамға келтірген зиянын немесе залалын өтеуі туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы.

## 15. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

15.1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін саны кемінде 3 (үш) адамнан тұратын Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

15.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметінің басшысы Директорлар Кеңесімен лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

Ішкі аудит қызметінің басшысы Ішкі аудит қызметінің қарастырған мәселелері бойынша акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға; Ішкі аудит қызметінің мәселелері қарастырылатын Директорлар Кеңесі отырыстарында қатысуға; Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізу үшін мәселелер ұсынуға; Ішкі аудит қызметі қызметкерлері құрамына қосу үшін Директорлар Кеңесінің бекітуіне кандидатуралар енгізуге құқылы.

15.3. Ішкі аудит қызметі Директорлар Кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы тоқсан сайын есеп береді.

15.4. Ішкі аудит қызметі жұмыстың жыл сайынғы жоспарын, оларға өзгертулер мен толықтыруларды есенке ала отырып, орындау мақсатында Қоғамның барлық құжатнамалары мен ақпараттарына мұлтіксіз рұқсат құқығын иеленеді.

15.5. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, оның құзыры мен міндеттері Директорлар Кеңесімен бекітілетін. Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

## 16. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК. ЕСЕПТІК ҚҰЖАТТАМАЛАР ЖӘНЕ АУДИТ

16.1. Қоғамның қаржылық жылы болып күнтізбелік жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін) табылады.

16.2. Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның бухгалтерлік балансын, кірістер мен шығыстар туралы есебін, ақша қозғалысы туралы есепті және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңнамаларға және Халықаралық Қаржылық есептік Стандарттарға сәйкес өзге де есептілікті қамтиды.

16.3. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңнамаларымен және Халықаралық Қаржылық есептілік стандарттарымен белгіленеді.

16.4. Қаржылық және статистикалық есеп, есептік құжаттамалар мен кезенді қаржылық есептер Жарғыға, Заңнамамен көзделген бухгалтерлік есеп принциптеріне, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілетін басқа да принциптерге сәйкес қажеттілігіне қарай құзырлы мемлекеттік органдар мен акционерлердің жалпы жиналысының қарауына беріледі және құрастырылады.

16.5. Қоғам Басқармасы өткен жылда аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес аудиті жүргізілген жылдық қаржылық есепті акционерлердің жалпы жиналысының таяқшылауы мен бекітуі жыл сайын ұсынады.

16.6. Жылдық қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес құралады. Сонымен қатар Қоғам өзінің жылдық қаржылық есептілігіне аудиторлық тексерісті Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттарына сәйкес құрастырады және жүзеге асырады.

16.7. Жылдық қаржылық есептілік акционерлердің жылдық жалпы жиналысы жүргізілген күннен бастап кем дегенде отыз күн ішінде Директорлар Кеңесінің алдын ала бекітілуіне жатады.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.

16.8. Қоғам қызметінің нәтижелері бойынша қаржылық мәліметтер теңгеде көрсетіледі және ақпарат үшін шетел валютасына аударылуы мүмкін.

16.9. Қоғам жыл сайын бағалы қағаздар рыногын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленген мерзімдерде жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгертулерді көрсететін есепті, ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есепті және табыстар мен шығыстар туралы есепті Жарғының 10.16. тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

16.10. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

16.11. Қоғам аудитті Директор Кеңесі, Басқармасы бастамасы бойынша Қоғам есебінен немесе ірі акционердің талабы бойынша өз есебінен жүргізілуі мүмкін, сонымен бірге ірі акционер аудиторлық ұйымды жеке өзі анықтауға құқылы.

16.12. Қоғам Басқармасы Қоғам аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның кінәрат талабы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

16.13. Қоғам жыл сайын қаржылық жыл қорытындысы бойынша оның аяқталу сәтінен бастап кем дегенде 90 (тоқсан) күн ішінде бухгалтерлік есеп пен аудиттің қазақстандық және халықаралық стандарттарына сәйкес аудиторлық тексерісті жүргізеді.

## **17. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ**

17.1. Қоғам Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты Заңнамаға және Жарғыға сәйкес қоғам акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті.

Қоғам және оның акционерлері Заңнамаға сәйкес міндетті жариялануға жататын өз хабарландырулары мен басқа ақпараттарын жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары Жарғының 10.16. тармағында анықталған.

17.2. Акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Заңнамада көзделген құжаттардың көшірмесін беруге міндетті.

Акционер ақпарат алу үшін Қоғам Басқармасына жазбаша нысанда жүгінуі қажет. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуге тиіс. Қоғам талап етілген ақпаратты талап етілген құжат көшірмесін өтініш түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ұсынуға міндетті. Қоғамның Директорлар Кеңесімен қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулер қоюы мүмкін.

Құжаттар көшірмесін беру ақысының мөлшері Қоғаммен анықталады және құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығындардың және акционерге құжаттарды жеткізумен байланысты шығындар ақысы құнынан аспайды.

17.3. Акционерлердің мүддесіне қатысты Қоғам туралы ақпаратты беру Заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

17.4. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Басқарма орналасқан жерде сақтауға тиіс.

Мына құжаттар:

- 1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
  - 2) құрылтай шарты, қосылу туралы шарттар; құрылтай шартына/қосылу туралы шарттарға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
  - 3) Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлік;
  - 4) Кодексі;
  - 5) Қоғамның статистикалық карточкасы;
  - 6) Қоғамның анықталған қызмет түрлерімен айналысуға жасауға алған және (немесе) қызмет түрлерін ұштастыруға алған лицензиялары;
  - 7) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
  - 8) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;
  - 9) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;
  - 10) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
  - 11) акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
  - 12) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін табыс етілген акционерлер тізімі;
  - 13) Директорлар Кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары, Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
  - 14) Қоғам Басқармасы отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары сақталуға тиіс.
- 17.5. Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

## 18. АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ

18.1. Заңнамамен, Жарғымен, Кодекспен көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қоғам талабы бойынша Қоғамның акционерлері және /немесе лауазымды тұлғалары өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты, оның ішінде толық атауы, мемлекеттік тіркелу күні мен нөмірі және орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін), тегі, аты, әкесінің аты және туылған жылы мен тұрғылықты жері (жеке тұлғалар үшін), аффилирлену күні мен туындау негізі, сондай-ақ осындай тұлғаларға қатысты Қоғамға қажетті өзге де мәліметтер туралы ақпаратты Қоғамның акционерлері және /немесе лауазымды тұлғалары беруге міндетті.

18.2. Аффилирленген тұлғалар туралы мәліметтерді Қоғам акционерлерімен және/немесе лауазымды тұлғалары жазбаша түрде және аффилирлену күнінен бастап кем дегенде 7 (жеті) күн ішінде, ал осындай мәліметтерді беруді Қоғам талап етсе, осындай талап ету күнінен бастап кем дегенде 3 (үш) ішінде беріледі.

18.3. Қоғам акционері және / немесе лауазымды тұлғасы өз аффилирленген тұлғасы ретінде ұсынған тұлға Қоғамға аффилирленген болып танылған негіздердің тоқтатылуын растайтын құжаттар ұсынылмағанша аффилирленген тұлға болып саналады.

18.4. Қоғамның акционері және/немесе лауазымды тұлғасы өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәлімет бермеген себебінен Қоғамға залал келтірсе, Қоғам мәлімет бермеген адамнан мұндай залалдың орнын толық көлемде өтеуін талап етуге құқылы.

## 19. ҚОҒАМНЫҢ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

- 19.1. Қоғамның меншігін және оған тиісті құқықтарын құқықтық қорғау Заңнамаға, Жарғыға және заңнама қолданатын басқа да және Қоғамның жай акциялары тіркелген қор биржасының листингтік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- 19.2. Қоғамның қандай да бір акционерге белгілі болған “Күпиялы”, “Қызметтік пайдалану үшін” белгісі бар ақпарат басқа тұлғаларға жазбаша немесе басқа да түрде берілмейді. Мұндай ақпаратты білетін акционер оны күпияда сақтауы керек. Күпиялы ақпаратты жариялау Қоғам Президентінің (Басқарма төрағасының) рұқсатымен ғана мүмкін болады, кері жағдайда акционер Заңнамаға сәйкес жауапты болады.

## 20. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ

- 20.1. Қоғамның қайта құру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, өзгеру) Заңнамаға сәйкес құрылады.
- 20.2. Қайта құру ерікті не мәжбүрлі түрде жүргізіледі.
- 20.3. Мәжбүрлі тарату заңнамада көзделген жағдайларда, сот органдарының шешімімен жүзеге асырылады.
- 20.4. Егер қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акцияларының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен күші жойылуға тиіс.

## 21. ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ

21.1. Қоғам (акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымды қоспағанда) шаруашылық серіктестігі немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға құқылы, қайта құрылатын қоғамның барлық құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сәйкес соларға ауысады.

21.2. Қайта құрылатын қоғамның директорлар кеңесі қоғамның қайта құрылуы, қайта құруды жүзеге асырудың тәртібі мен талаптары, қоғамның акцияларын шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың салымдарына немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларына айырбастау тәртібі туралы мәселені акционерлердің жалпы жиналысының қарауына енгізеді.

21.3. Қайта құрылатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамның қайта құрылуы, қайта құруды жүзеге асырудың тәртібі мен талаптары, қоғамның акцияларын шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың салымдарына немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларына айырбастау тәртібі туралы шешім қабылдайды және өткізу актісін бекітеді.

21.4. Қайта құру кезінде құрылатын жаңа заңды тұлғаның қатысушылары өздерінің бірлескен отырысында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес оның құрылтай құжаттарын бекіту және органдарын сайлау туралы шешім қабылдайды.



21.5. Қоғамды қайта құру кезінде қатысушының шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталындағы үлесі (өндірістік кооперативтегі пайы) оған тиесілі акциялардың қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы санына проценттік арақатынасы негізінде айқындалады.

## 22. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

22.1. Осы Жарғыда көрсетілген ережелердің біреуі жарамсыз болса, оның басқа ережелерге еш қатысы жоқ. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыдан мүмкін болатын басқа мағыналас ережемен алмастырылады.

22.2. осы Жарғыда көзделмеген барлық мәселелер бойынша Қоғам Заңнаманы басшылыққа алады.

«Service Sky» ЖШС-нің  
Директоры

Р.А. Газиев

## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

- 1.1. Настоящий Устав акционерного общества «Аэропорт «Сары-Арка» (далее – «Общество») определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.
- 1.2. Наименование Общества:
  - полное наименование на государственном языке – «Сары-Арка» Әуежайы» акционерлік қоғамы, сокращенное – «Сары-Арка» Әуежайы» АҚ;
  - полное наименование на русском языке - акционерное общество «Аэропорт «Сары-Арка», сокращенное - АО «Аэропорт «Сары-Арка»;
  - полное наименование на английском языке - joint stock company «Airport «Sary-Arka», сокращенное - JSC «Airport «Sary-Arka».
- 1.3. Место нахождения Общества (исполнительного органа Общества): Республика Казахстан, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, Аэропорт, индекс 100000.
- 1.4. Срок деятельности Общества - не ограничен.

## 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

- 2.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.
- 2.2. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан (именуемые далее – «Законодательство»), а также настоящим Уставом (далее – «Устав») и Кодексом Корпоративного Управления (далее – «Кодекс»).
- 2.3. Общество приобретает статус юридического лица с момента государственной регистрации в органах юстиции.  
Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.
- 2.4. Общество имеет печать, бланки с указанием полного наименования на государственном и русском языках, свой товарный знак и символику, образцы которых утверждаются Правлением Общества и регистрируются в установленном законодательством порядке, а также штампы на государственном и русском языках, а также другие реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

## 3. ЦЕЛЬ И ОСНОВНЫЕ ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

- 3.1. Цель Общества - получение чистого дохода в ходе осуществления самостоятельной хозяйственной деятельности.
- 3.2. Основными видами деятельности Общества являются:
  - 1) Аэропортовое и наземное обслуживание воздушных судов и пассажиров, включая, но не ограничиваясь:

- обеспечение взлета-посадки воздушных судов;
- обеспечение авиационной безопасности;
- обслуживание пассажиров;
- обеспечение встречи – выпуска воздушных судов;
- обработка груза;
- обеспечение воздушных судов авиаГСМ;
- техническое обслуживание воздушных судов по транзитной форме;
- сервисное наземное обслуживание воздушных судов (предоставление услуг спецавтотранспорта и специалистов, средств наземного обеспечения, материалов, предоставление стоянки);
- обеспечения базирования воздушных судов;
- организация бортового питания пассажиров и экипажей;
- организация пунктов общественного питания;
- обслуживание пассажиров в залах VIP, СIP;
- продажа авиаперевозок;
- обслуживание пассажиров в гостинице;
- услуги пассажирам в аэровокзальном комплексе (упаковка и хранение багажа, продажа смарт-карт, услуги парикмахерской и др.);
- поисковое и аварийно – спасательное обеспечение полетов;
- медицинское обеспечение безопасности полетов;
- услуги производственно – диспетчерской службы;
- деятельность, по обеспечению соблюдения санитарных и природоохранных норм;

2) Техническое обслуживание воздушных судов, включая, но не ограничиваясь:

- периодическое техническое обслуживание воздушных судов;
- предоставление площадей и оборудования для проведения технического обслуживания воздушных судов;
- услуги по текущему ремонту воздушных судов;
- услуги по предоставлению возвратно – обменного фонда агрегатов и запасных частей воздушных судов;
- услуги по реализации агрегатов и запасных частей при проведении периодического технического обслуживания воздушных судов;
- услуги по оценке технического состояния воздушных судов;
- услуги лаборатории авиационного и радиоэлектронного оборудования;
- услуги по стирке и пошиву бортового инвентаря;
- другие услуги по техническому обслуживанию воздушных судов.

3) Предоставление прав на ведение коммерческой деятельности в аэропорту по оказанию услуг воздушным судам и пассажирам и ведению торговли (по договору франчайзинга), в том числе, но не ограничиваясь:

- Услуги лаборатории ГСМ;
- Предоставление мест стоянки для автомашин;
- Предоставление мест для размещения рекламы;
- Предоставление услуг по хранению груза, почты в складах временного хранения;
- Оказание медицинских услуг юридическим лицам, в том числе услуги врачебно-лётной экспертной комиссии;
- Оказание медицинских услуг работникам и населению;
- Выполнение строительных работ;
- Приобретение, хранение и реализация ГСМ;
- Обеспечение пропускного режима на территории аэропорта;
- Охранная деятельность по защите собственного имущества, не связанная с оказанием охранных услуг третьим лицам.

4) Предоставление услуг прочим юридическим лицам, осуществляющим свою

деятельность на территории аэропорта и граничащим с ним, включая, но не ограничиваясь:

- предоставление в аренду помещений, транспортных средств и оборудования;
- содержание арендных помещений в чистоте;
- покупка с целью перепродажи электроэнергии, передача и распределение электроэнергии;
- обеспечение теплоэнергией;
- обеспечение водой и водоотведение;
- техническое обслуживание, монтаж, ремонт средств связи;
- услуги связи;
- перевозка работников;
- обучение водительского и технического состава правилам движения по территории аэродрома;
- стажировка технического состава по оперативному обслуживанию воздушных судов;
- вывоз мусора;
- услуги санитарно-карантинного отдела;
- противопожарное обеспечение объектов;
- санитарно-технические услуги;
- обслуживание и ремонт энергосетей и оборудования.

5) Внешнеэкономическая деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

6) Иная деятельность, не запрещенная законодательством Республики Казахстан.

